



ПИОНЕР

№ 3 МАРТ
АЛМАТЫ 1959

АНА СӨЗІ

Жарқылдап өтсін ғұмырың,
Жанымды саған арнайын.
Суыққа тоңсаң, құлыным,
От болып қана лаулайын.

«Өмірде панам — сен», десең,
Өзіңнен немді аяйын.
Талықсып егер шөлдесең,
Тасбұлақ болып ағайын.

Сен үшін бір сәт талмайын,
Сен үшін бәрін көрейін.
Терлесе шып-шып мандайың,
Самал боп беттен өбейін.

Шыңдарға шықсаң, қайғырма,
Өзіңнен бұрын жетейін.
Жартастар тұрса алдыңда,
Жапырып бәрін кетейін.

Қияға шықсаң қомданып,
Ормандар жатса бұтайын.
Өзендер жатса долданып,
Өзім-ақ барып жұтайын.

Жанымды саған арнайын,
Жарқылдап өтсін ғұмырың.
Қасыңда жүрем әрдайым,
Қасыңда жүрем, құлыным!

Сағи Жиенбаев.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 3

МАРТ
1959 жыл.

Айына бір рет шығады

Шығуына 21 жыл.



Жас пионер! Бүгін сенімен тағы бір кездесіп, сырласайық. Ата-ананың, ел-жұртыңның, туған халқыңның сен білмейтін, сенен күпия бірде-бір сыры жоқ. Олардың барлық ісіне де, сөзіне де сен ортақсың. Өйткені, сен өршіл, өскелең жассың. Отаның мен халқыңның жарқын үміті, бақытты болашағысың. Ата-ананың бүгінгі игі істерін ертең сен жалғастырып алға апарасың. Сен — коммунизм құрушысың.

Коммунизм құрылысшысы! Неткен зор атак. Бірақ, оған сен лайықтысың. Сен қазір 12—14 жаста болсаң, енді жеті жылдан кейін, кім боласың? Тепсе темір үзетін, қаруы мол, болаттай шындалған, батыл жас

жігіт боп шығуың күмәнсіз ғой. Сол жеті жылдың ішінде еліміз коммунизм жоспарын жүзеге асырса, одан сен сырт қаласың ба?! Әрине, жоқ. Ұлы құрылыстың жуан ортасында, алғы сапында сен жүресің. Сондықтан, сені коммунизм құрылысшысы деп атау — заңды да.

Олай болса, сен алдымен осы ұлы жоспардың — коммунизм жоспарының сырын үк.

Жоспар деген біздің елімізде тек атау ғана. Шын мағынасында ол нақты өмір. Ойлаған ойдың, көздеген мақсаттың бұлжымай жүзеге асуы деген сөз.

Советтік Отанымыз өмір сүргелі 41 жыл.

Содан бері талай жоспар жасалды. Бәрі де жүзеге асты. Біздің данышпан атамыз Владимир Ильич Ленин тұңғыш рет ГОЭЛРО жоспарын ұсынғанда, дүние жүзі шу ете қалды. Бұл қиял: Россияны жаппай электрлендіру мүмкін емес дескен еді. Бірақ, ол жоспар ойдағыдай орындалды. Қазір Ильич шамы жанбаған бірде-бір село жоқ. Бұл жайында кейінірек тағы тоқталамыз.

Бұдан кейін еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтірудің бірінші бесжылдық жоспары жасалды. Ол небәрі төрт жылдың ішінде орындалды.


Екінші, үшінші, төртінші... бесжылдықтар елімізді өрден-өрге бастырды.

Енді елімізде жаңа жоспар — жетіжылдық (1959—1965) ұлы жоспар жасалып отыр. Бұл жоспар жақында, еліміздің астанасы Москвада Коммунистік партияның XXI

еткен елі әнекей төменде жатыр. Біз оған төбеден қарап тұрмыз.

Бар өндірістің анасы — ауыр өнеркәсіп. Ол 85—88 процент өскен.

Ауыр өнеркәсіптің жемі — руда. Жыл сайын 150—160 миллион тонна темір рудасы өндірілген. Бұл, әрине, мол өнім. Оның молдығына көзінді жеткізу үшін, мысалы, 150—160 миллион тонна руданы вагондарға тиеп көрші. Сонда бұл вагондар составының ұзындығы қанша жерге созылар екен? Бір вагонның сыйымдылығы 60 тонна делік. Бізге керекті вагонның санын білу үшін, не істеуге болады. Әрине, 160000000 тоннаны 60 тоннаға бөлеміз, сонда 2666666 вагон шығады. Ал, осыншама вагонды бір паро-



съезінде бір ауыздан мақұлданды. Өмірде талай сыннан өткен, дүние жүзіндегі ең қуатты, алдыңғы қатарлы ұлы елдің бұл ісін тағы да қиял деуге қазір жаулардың өзі де батпай отыр. Үш бірдей жер серігінің Отаны, космос ракетасының Отаны қиял дүниесінен асып кеткен тәрізді. Жаулардың енді зәре-құты қашып, қалш-құлш еткеннен өзге дәрмені қалмады.


Иә, сонымен, дана халықтың, оның ұлы көсемі Коммунистік партияның ізгі ойынан жаңа жоспар жарық көрді. Ол нағыз шындық. Шындық — көзге түртеді. Оны біз жасыра алмаймыз.

1965. Ұлы істің соңғы жылы. Жеті жыл алға аттап, 1965-тің басынан өткенімізге көз жүгіртіп қарайықшы. Келер шақты өткен шаққа айналдырып көрейік. Қайда кетіп қалғанбыз. Қияда тұрмыз ғой. Кешегі мақтаншақ Эйзенхауэрдің тобы үстемдік

возға тіркесек, ол қанша жерді алар еді? Ол үшін, әрине, әр вагонның ұзындығын білу керек. Вагонның ұзындығы орта есеппен 18 метр, ал, әр вагонның аралығы 2 метр, сонда 20 метр екен дейік. Енді осы ұзындықты вагонның санына көбейтсек 53 миллион үш жүз отыз үш мың үш жүз жиырма метр болады. Оны километрге айналдырсаң, жаңағы руда тиелген вагондар составының қанша жерге созылып жатқанын анық білесің.


Бұл есепті саған тек ермек үшін ұсынып отырғамыз жоқ. Бұл — Отанның байлығы. Темір рудасының байлығы. Осы байлықтың біраз бөлегін өзіннің туған республика — Қазақстан өндірген. Сенің бір ғана Соколов-Сарбайынның өзі 1965 жылға дейін жылына 19 миллион тоннадан темір рудасын өндіріп келген.

Ал, Торғай алқабының кен байлығын сенің зор мақтаныш етуге қақын бар. Өздері-



не белгілі атақты Менделеев таблицасындағы элементтердің көпшілігі осы Торғай алқабынан табылып отыр. Ғажап емес пе! Тіпті, Қазақстан жері қазір Менделеев таблицасында жоқ элементтерді жарыққа шығарып отыр. Мұны атақты ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевтың және оның бір топ серіктерінің Қазақстанның кен байлығы жайындағы жасаған картасынан айқын көруге болады. Қаныш Сәтбаев және оның серіктері осы зор еңбектері үшін өткен жылы Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Біз руданы ауыр өнеркәсіптің наны деп атадық. Өйткені, руданы қорыту арқылы өндіріске қажетті әртүрлі машиналар жасалады. Машина — біздің заманның жұмыскері. Онсыз еңбек — өнімсіз де, мардымсыз.



Машинаның қажеттігін сен жақсы білуге тиіссің. Өйткені, сенің үстіндегі бір ғана киімді тігу үшін нешестүрлі машина қолданылады. Иіру, тоқу, тігу машиналары дегенді естіген боларсың. Сол сияқты, сенің қазіргі алдында жазып отырған дәптерің қағаздан жасалған. Ал, қағаздың арғы тегі — ағаш. Бұл ең әуелі дәптер қалпына келмей тұрып, қанша түрлі машинадан өтпеді дейсің.

Мінекей, бізде машинаның түрі көп. Бірақ, олардың бәрінің атқаратын қызметі түрліше. Жерқазғыш, кен қопарғыш, жүк тиегіш, су тартқыш, тұқым сепкіш, егін орғыш, астық жинағыш... айта берсең, тіпті толып жатыр.

Алпыс бесінші жылда тұрып жеті жылдың ішінде шығарылған машиналарға көз салсақ, оның санын біліп болмайды. Оны білу үшін, саған біраз уақыт бас ауыртып, есеппен шұғылдануға тура келеді. Мәселен,

елімізде әр жарты минутта бір автомашина пайда болады екен. Бір сағатта, яғни 60 минутта, қанша машина пайда болады? Осы санды жұмысшының бір күніне көбейтсең, одан соң бір жылдағы 307 жұмыс күніне көбейтсең, сонда бір жылда қанша машина шығатынын анық білесің. Ал, осыны жеті жылға көбейтсең ше? Ұлы жоспардың шын сырын, міне, сонда сен жақсы ұғынасың.

Енді жол қатнасына келейік. Жолсыз адамның күні қаран. Адам бір-бірімен қатынас жасамай, бір-біріне сапар шегіп, араласпай, қалай күн көреді. Мүмкін емес. Ежелден көшпелі тұрмыс құрып, тіршілік еткен қазақ халқы жол қадірін, көлік қаді-

рін жақсы білген. Қазақтың бұрынғы қатынас құралының бастысы — ат пен түйе еді. Сондықтан, халықтың «Ер қанаты — ат» деп атауы тегін емес. Ат, түйе сияқты көлікпен айлап, жылдап сапар шегетін халықтың бір-ақ күнде поезға, машинаға қолы жетті. Бұл бақытқа да қазақ халқы тек Октябрь революциясынан кейін ғана ие болды. Сенің ата-ананың паровозды, «Қара айғыр», машинаны «Шайтан арба» деп атауы кеше ғана болатын. Бүгін ше? Бүгін сол паровоздың орнына жерде тепловоз, электровоздар, суда — атом ледоколдары, көкте — «ТУ-104» сияқты алып қырандар пайда болды. Ғылым мен техниканың қайда шарықтап кеткенін осыдан көр. Бұрын жер жүзін кезгендерді мақтан етсек, енді айға ұшу, күнге ұшу, Марсқа саяхат жасау да алыс емес. Адам баласының бұл армандары да сөзсіз жүзеге асады.

Біз осы машиналардың түрлерін, жүзу ма-

шинасын, ұшу машинасын, бәрін айтқанда, солардың қалай жүретінін, ненің күшімен қозғалысқа енетінін айтқамыз жоқ. Мұны сенің өзіңнің де білуің мүмкін. Машинаның қай-қайсысы болсын, белгілі бір күштің, қуаттың арқасында қозғалады. Мәселен, ұн тартатын диірменді алсақ, оның өзі де әртүрлі. Судың күшімен жүретін диірмен де, жел күшімен жүретін диірмен де болады. Сондай-ақ, будың күшімен жүретін машиналар да, отынның — бензиннің, көмірдің күшімен жүретін машиналар да болады.

Алайда, қазіргі біздің дәуірімізде электр қуаты ең пайдалы да, қолайлы қуат күші боп саналуда. Оны сен оқуда да, еңбекте де, тіпті үй тұрмысында да көріп жүрсің. Қазір көп үйде шаруашылықтың тең жарымын электр атқарады. Тамақты электр



пісіреді, кірді электр жуады, киімді электр үтіктейді, электр үйді сыпырып, ақтай да алады. Сен шашынды да электр машинасымен алдыртасың. Қысқасы, электрсіз біздің өмірдің бірде-бір саласы жоқ. Онсыз тұрмыстың сәні жоқ.

Еліміз электр қуатына бай. Барлық ірі өзендердің бәрінен — Волгадан, Камадан, Обьтан, Ангарадан, Енисейден, Бұхтармадан.. тағы тағылардан талай алып ГЭС-тер салдық. Олар ұлан байтақ Отан жерін нұр шұғылаға бөлеп тұр. Лениндік ұлы идеяның жүзеге асуы деген міне осы. Коммунизм дегеніміз — ол Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру, деген міне осы болады!!!

Біздің Ұлы Отанымыз ең алдыңғы қатарлы өнеркәсіпті ел. Сонымен бірге, ол ауыл шаруашылығы жағынан да барлық елдің алдында тұр. Жер көлемі жағынан біздің елмен теңесетін дүние жүзінде бірде-бір ел жоқ. Сенің туған республикаңның жеріне

Франция, Бельгия сияқты бірнеше елдер сиып кетеді. Алайда, сол жердің қадірін біз тек қана Октябрь революциясынан кейін ғана білдік. Өйткені, бұрын отырықшылыққа айналмаған сенің ата-бабаларың жер өңдеу, егін салу деген кәсіптерді білмеді. Ол кәсіппен айналысқанмен де, еңбек өнімі мардымсыз болды. Шынында да, сол кездегі ағаш соқамен не өндіруге болатын еді. Ал, қазір Қазақстан миллиардтары дүние жүзін таң қалдыруда.

Тың игерудің алғашқы жылдарындағы өзіңнің комсомол ағаларың мен апаларыңның ерлік істерін сен жақсы білесің. Ол жылдары тың далаларда қаншама совхоз

құрылып, қанша село пайда болғаны, қанша тың жер жыртылып, одан қандай өнім алынғаны... бәрі, бәрі саған белгілі.

Енді сен 1965 жылда тұрып, еліңнің ауыл шаруашылығындағы жеті жылдың кереметін шолып өтші. 1965 жылы еліміз 10—11 миллиард пұт астық алды делік. Осыны сен Совет Одағындағы 200 миллион халықтың жан басына бөліп көрші. Сонда әр адамға (оның ішінде емшектегі бала да бар) 50—55 пұт астықтан келеді екен. Не деген мол байлық. Мұны бір адам, әрине бір жылда жеп тауыса алмайды. Басқа да қажеттерге жұмсалатыны саған мәлім.

Байлықтың анасы — жер, атасы — еңбек. Жаңағы мол астық жерден еңбекпен алынады. Ол еңбектің иесі әуелі адам да, одан кейін техника — трактор, комбайн, т. т.

Елімізде тың игеру ісі басталған алғашқы үш — төрт жылдың ішінде ауыл шаруашылығына 670 мың трактор, 370 мың комбайн беріліпті. Ал, осы жеті жылда бұған қоса тағы да 400 мыңға тарта комбайн, 1 миллионнан астам трактор алдық деп есептеп көрші. Ғажал цифр емес пе?!

1 миллион трактор!

Тарихтан оқығанын есінде болса, біздің кеменгер атамыз Владимир Ильич Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдарда жүз мың трактор болса деп арман еткен. Енді одан он есе асты, миллион трактор болды!

Бұл күш, әрине, еліміздің ауыл шаруашылығын барған сайын өрден-өрге бастырады. Ал, ауыр өнеркәсіпке болат қандай қажет болса, ауыл шаруашылығына астық та сондай қажет. Астық мол болса, мал шаруашылығы да кен өріс алады. Біздің республикамыз, шын мағынасында, еліміздің Шығыстағы мал базасы болып саналады.

Осыншама байлықтың көзін айтқанда, халқымыздың дәулетті тұрмысын, сәулетті тіршілігін қалайша атап кетпеске!

Бұл жөнінде бір-ақ мысал келтіріп кетейік. Қазақта, «Үйің болмай — күйің болмас»

ріне уақытың мол болады. Тұрмыстан ешқандай таршылық көрем деп ойламайсың. Қысқасы, нағыз білімді де, қайратты коммунизм құрылысшысы боласың!

Иә, дәл сондай болу үшін, дегенмен, саған біраз оқу, үйрену, іздену керек. «Талапты ерге — нұр жауар» деп халық текке айтпаған. Ғылымды, өнерді талпынсаң ғана аласың. Осыны еске ұста, жас дос!

Саған өмірге осы бастан бейімделу керек. Осы жеті жылдың ішінде қалаған мамандығыңды алып қал. Мамандық деген бізде көп. Жеті жылда шығарылатын 1 миллион трактор есінде болар. Соның әрқайсысына бір-бір тракторшы керек. Ал, трактор екі



деген мақал бар. Яғни, үйі бар адам күйлі де, дәулетті де. Ендеше, осы жеті жылдың ішінде ауылдық жерлерде жаңадан 7 миллион тұрғын үй, ал қалалық жерлерде 15 миллион жаңа пәтер үйлері салынса, бұл халықтың сәулеті емес пе!

Бұл шағын мақалада жетіжылдық жоспарда белгіленгеннің бәрін бірдей айтып жеткізу мүмкін емес. Онда еліміздің совет адамының бүкіл өміріне қажеттердің бәрі қамтылған.

Совет үкіметі, Коммунистік партия мұнда сені де естен шығармаған, жас пионер! 1965 жылы сен 18 не 20 жаста болсаң, маңағы көп үйлердің біріне сен де иесін. Өйткені, ол кезде сенің де семьяң болады, өзін коммунизм қоғамын орнатушы боласың. Сенің ол кезде жұмыс күнің қысқарады. Әр апта сайын екі күн дем аласың. Оқуға да, дем алуға да, түрлі өнерге үйренуге де, бә-

сменамен істесе ше? Онда 2 миллион тракторшы болу керек. Ал, жаңадан шығарылатын комбайн, экскаватор, автомобильдерге қанша адам, заводтардағы токарлық, ұсталық станоктарға қанша маман қажет болмақ?! Қазіргі жылқы жайып, қой бағып жүрген ата-аналардың біразы ол кезде қартайды, пенсияға шығады. Олардың орнын кім басу керек?

Еңбектің жаманы болмайды. Бізде, әсіресе, біздің Ұлы Отанымызда мамандықтың бәрі жақсы. Танда. Танда да, қалауынды ал! Мұны данышпан ақын Абай тілімен айтсақ:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалап.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігің тап та, бар қалаң! — дейміз.

Өнердің өріне шығар, дәуірдің кілтін ұстар кезін келді. Коммунизм қоғамын орнатуға әрқашан да дайын бол!

Түндү Көктемдө Далада



Әңгіме

Қаншық қасқыр емшектері салақ-салақ етіп жортып келеді. Маужыраған көктем түні, айнала тым-тырыс. Алыста мотор үні ғана болмашы ызындайды. Түнгі аспанда үзік-үзік қоңыр бұлттардың арасымен толған ай қалқып барады. Ойнаң жерлерге тұрған қақтар жалтырайды. Орман арасында әлі де қардың кірлеген қалдықтары жатыр.

Денесі арса-арса болып түлеген, арықтаған, бұратылған аш қаншық тоқтап тұрып тың тыңдайды. Жерге тұмсығын тосып ұзақ иіскелейді. Әлде қайдан желмен араласып көң иісі мұрнына келеді. Ол құйымшақ тұсының қопсыған жүнін тістелеп қасынды да, құйрығын бұлаң еткізіп ілгері жортып кетті.

Қайда бармақ, мағынасыз жорту, бағыма қарай әлденелер кездесер деген бұлдыр үміт қана бар. Нәр татпағалы көп күндер болып барады. Өзі дүниеге келтірген кішкене күшіктерден әбден запы шекті. Олар есейген сайын борпылдата сорып мазасын кетірді, өлсіретіп жіберді. Кейде ызаланып, сығып тастамақ болып ар ете түседі. Қимайды, қайтадан керіліп жата кетеді. Тұмсықтары жыбырлап ауырсынады, сыңсиды... Арланы сол бойы оралмай кетті. Ол барда қоян, еліктің еті сияқты азықтардан ауыздары құр болмайтын еді. Қаншық арланға өшігулі, келе қалса сыбағасын бермек болып, азуларын сақылдатып бірнеше күн тосты. Серігін аңшылардың тоспалап атып алғанын білмейтін.

Елсізбен әлі жүріп келеді. Алысырақта, дөң үстінде ауылдың оттары көрінеді. Самсаған өткір жарықтар кірпік қақпай күзетте тұрғандай. Далада гүрілдеген тракторлар жосып жүр. Көздері қараңғы түнді тінткілейді. Ауа темір мен қоңырсы иіске толы. Қараңғы далада адам даусы талып естіледі. Құйрығын қысып алып көйін қарай қаша жөнелді, хауіпті жерден ұзап алды. Үңгірге қайтқысы келеді, бірақ онда ашыққан күшіктері бас салып, жүрегін суырып жатқандай азаптайды.

Жолы болмаған, дәрменсіз қаншық шоқайып отырып алып ұлып берді. Зарлы үні өз маңынан да ұзамайды. Мұңын тыңдап үн қосар ешкім жоқ. Егеудей ысқаяқтанған тілімен жаланып алып жүріп кетті. Тағы бір белестен асты, ертеректе жүріп өткен адам аяғының болмашы ізі қалыпты, қайталап иіскеп көрді. Оған қоса тағы бір иісті — қойдың шайыр иісін сезді. Аштық қолқасын суырып азап шеккен қасқыр танауын көтеріп жорта жөнелді.

* * *

Демалыс күні шопанның балалары Әбілқайыр мен Қабдыраш қозылы қойларды Көкшеге жайып қайтпақ болды. Шуақ күн, аспанда мақтадай ақ бұлттар қалқып тұр. Жап-жасыл қырларда жыбыр қағып сағым ойнайды. Жүзге жақын қозылы қойды ауыл сыртындағы еңіске беттеткен балалар қозылардың сарғалдақтарды қуалай жүгіргеніне тамашалай қарайды. Жас төлдер көк майсаға, рахат дүниесіне қуаңғандай кішкене тұмсықтарын көтеріп ойнақ салады.

Әбілқайыр татар кескіндес, көкшіл көз, сары бала, ал інісі Қабдыраш жалпақ бет, бадырақ көз, қараторы болатын. Мектеп есігін өткен жылы ашқан кішкене Қабдыраш екі жас үлкен ағасынан өзін ақылсыз санамайтын. Ол кейде атасының даусына салып Әбілқайырға ұрсып алғысы да келеді.

— Сен баққан қозылардың бәрі маубас, күтімі нашар болды, — дейді ол қабак шытып.

— Оны қайдан білдің? — деп сұрады ағасы.

— Менің баққан қозыларым ойнақ салады, сенікі тұмсығын көтереді де қояды.

Әбілқайыр күліп жіберді.

— Солай ма, жас төлшілер клубынан сыйлық алған сен бе, мен бе?

Бұл тұста Қабдыраш үндемей қалды. Шындыққа дау айта алмады.

Әбілқайыр сағымды далаға қарап ұзақ тым-тырыс жатты. Жанына қисайған інісі де өзімен өзі болып әлде неге күлімсіреді. Тұмсық астында балғын шөп пен жер иісі аңқиды. Созылған кең далада, қарауытқан егіс даласында сұрғылт шаңдағын ерткен тракторлар көрінеді. Олар мың құбылған сағымға оранып бірде сопайып биіктеп кетеді де, бірде ортасынан үзіліп жаңқадай қалқиды. Көгілдір орман су ортасындағы селдір құрақтай қалтырайды.

Айналада торғайлар аспанға кезектесе көтеріліп тынымсыз әндетеді. Көрікті көктем әуеніндей естілген осы үн бір сәтке тына қалды. Бозторғай біткен көде арасына бұғып, айнала тым-тырыс болды. Кішкене ғана тарғыл құс қанаттары суылдап балалардың үстінде, төмендеп ұшып тіміскілеп жүр.

— Әне-әне... Қуып кетті, ұстайды-ау енді!

— Ойбай, Әбілқайыр, ананы жеп қоя ма?!

Балалар сабырсыздана қарайды.

Қырғи көде арасынан тұрғызып алған бозторғайды өкшелей қуып екі рет қағып ілектіре алмайды. Торғай бұға жалтаруды қойып, көкке тік атылып биіктеп кетті. Қуғыншысы да шырлады, бірін-бірі қақпақылдап шексіз аспанға ұзап берді.

— Айлакерін-ай!

— Түү, мына торғай қалай ақылды еді!

— Ұстатпаса жарар еді!



Көзді ашып - жұмғанша қайтадан төмен құлдырады, бұлардың төбесіне қарай зымырап келеді. Қырғи қайта-қайта жайқап өтсе де, торғай жалтара ұшып төмендеп қалды.



— Бері қарай ұш, біз сені аман сақтаймыз. Бері-бері...

Балаларға қол созым қалғанда тарғыл құс кішкене сары аяқтарымен қағып алып ұшып кетті, шырылдап барады. Бұрқыраған қауырсындары тымқу ауада қалбалақтай жөнелді. Сүйкімді құстың өлім алдындағы аянышты даусы жыртқыш ұзағанша естіліп тұрды.

Қабдыраш жасқа толы көзімен ұзатып салып, «елтірді, жеп қойды!» — деп еңіреп жылап жіберді.

— Әу, саған жол болсын, торғай үшін де жылағаның ба? Жүр, одан да саршұнақ аулайық, — деп ағасы орнынан тұрды.

...Балалар ондаған саршұнақты өлтіріп ауылға қайтқанда күн кешкіріп қалған еді. Көкмайсаға жайылған қозылы қойлар біртіндеп ауылға беттеп бара жатты.

Ағайынды екі бала демалыс күндерін қызықты өткізгеніне шексіз қуанышты еді. Бірақ, үйге келгенде үлкен көңілсіздіктің үстінен шықты. Төлшілер малды түнгі орынға жайғастыра келіп, сарқұлақ қозының жоқтығын айтқанда Әбілқайырдың жаны түршігіп кетті. Жақында туған жас қозы малдан қалып қойыпты. Қалай аңғармады екен? Бағына қарай, атасы үйде жоқ болатын. Әбілқайыр мал өрісіне қарай жүгіре жөнелді, жан ұшырып келеді. Кешкі салқын самал жел құлақ түбінен зу-зу етеді, денесі қалтырап тоңазығандай болады. Көңілінің хоштығы жоқ, іші әлем-жәлем, ұяттың жалынына шарпылған.

— Енді не болды, балалардың да, үлкендердің де бетіне қарағысыз болдым-ау! Ертең ғой балалар мазақтап күледі. Ұят-ай. Ұят-ай!

Күн әлдеқашан батып кеткен. Батыс көк жиек бұлтсыз. Шыңрау аспандағы өркеш-өркеш қоңыр бұлттардың жоғарғы қабаты қанға малғандай қызарып тұр. Алыста, түнерген көк жиекте нажағай оты жылт ете қалады. Бала жүдеу көңілмен осылардың барлығына жалтақтай қарайды. Еңсені басқан мына қатпар қара бұлттардың тапжылмай тұрғанын көрмеймі-

сің. Олар жұлма-жұлма болып әр түске ауысады. Кейде бақабас сүзеген бұқа кейпіне келеді. Кейде шөгіп жатқан қара нарға ұқсайды. Қорқып келеді, жылап келеді.

Бозалаң аспанда күміс жұлдыздар көріне бастады. Әбілқайыр өрістегі бар бұта, төмпешіктің арасын түгел сүзіп жүр. Сарқұлақ қозы зым-зия жоқ. Қараңғылық коюлана түсті. Осынау қырдың астынан болса керек, аш қасқырдың өлімсіреген мұнды даусы естіледі. Түн кезген жалғыз бала қорқып қалтырап кетті. «Енді қайттім, үйге кетіп отырсам ба екен? Жоқ, олай ете алмаймын. Қалайда табуым керек» деді Әбілқайыр қайраттанып.

Айналаға құлақ түріп аз тұрды. Қозыны шақырып қайта-қайта айғайлады. Әлдеқайдан түн құстары ысқырып жауап қатады. Қасқыр үні де басылды. Күндізгі қой жайған сай алыста артта қалды. Алда көлденең дөң жатыр. Дөң үстіне шарпы бұлттарға сүңгіген айдың көмескі сәулесі түсіп тұр еді. Шұбалған ақ ит жөнеле берді, арқасында өңгеріп алғаны бар. Әбілқайыр айғайлап тұра ұмтылғанда, ит аңырып, аз бөгелді. Арқасындағы зат қозғалып, маңырағандай болды.

— Қасқыр қозыны әкетіп барады! — деген ол күшін жинап соңынан жүгірді. Буындары құрып, болдырып келеді.

Аштықтан әлсіреген қаншық қасқыр бірде аяндап, бірде бүкеңдейді. Кішкене құғыншыдан онша қысылмайтын сияқты. Өлсе де жемін тастағысы келмейді. Ұры ай астымен ұзай түсті. Баланың кішкене кеудесі қысылып, дәрмені қалмады. Ол ақырғы күшін сарқып әудем жер жүгірді де, алқынып отыра кетті. Орнынан тұра алмай қалды. Әлден уақытта зар қағып маңыраған жас қозының даусы естілгендей еді...

...Қаншық қасқыр бұлқынған қозының аяқтарын қапсыра тістеген бойы жата ғап тобылғы арасына кірді. Аузындағы қозының сирағын сол бойы шайнамай жұтып жіберсе, көптік қылмайтын сияқты. Қабысқан қарны ашып, сілекейі шұбырып келеді. Бұлқынтып әуре қылғанша жартысын қылғып жібергісі келеді. Оған қаншықтың батылы жетпейді. Ұядағы күшіктеріне тірідей апарып жемді қалай ұстауды көрсету керек.

Жыртқыш аузы ырсып қуанып келеді, жүрген сайын шолақ құйрығын бұлаңдата түседі. Қуғыншының да даусы талмаусырап барып өшіп қалды. Мекеніне тез жетіп, мына балдай тәтті қозының қызы-

ғын көруге асығады. Сарқұлақ қозы қаннен қаперсіз көк шуда жонда сұлап жатыр.

Қасқыр тобылғы арасымен аяндап келе жатты. Алда қарауытып орман көрінеді. Ол енді көп ұзамай өз мекенінде болады. Ол кенет аяқ астынан шақ-шақ еткен көп дауыстардан сескене қалды. Тобылғы арасынан мысықтай сары аңдар тап бола кеткен еді. Олар қоршап алып шақылдап тұр. Аттауға жол жоқ, жемін тастағысы келмейді, аузынан босатса мыналар тартып кетер деп қорқады.



Қаншық сәл аңырып тұрды да, кимелей жөнелді. Оқтаудай жараған үлкен қызыл сарысы оқтай атылып жармаса түсті де, аяғының асықтай бұлшық етін жұлып алды. Күзендер қаншыққа жабыла түскенде, босанып кеткен қозы талтақтап қаша жөнелді. Ал аш қасқыр да күзендердің екеуін сығып лақтырып жіберді. Үшіншісі ұртына жармасып сүлікше қадалып қалды. Ұртына жабысқанды соққылап жатқанда, үлкен қызыл сары арқасына атқып шығып, мойнына жабысып алды. Арық желкесін өткір тістерімен қиғылап берді. Бішқынған қаншық түн тыныштығын үркіте гүрілдеп, аспанға тік шапшыды. Жабысып алған пәледен құтылмақ болып жерге жата қалып аунады. Күзен қадалған бойы айрылар емес. Басқалары да жығылған жауға жармаса кетіп шайнай бастады. Қаншық ақтық күшін жинап қайта секірді. Бұл жолы омақаса құлап тұра алмады...

Қозы зар қағып күңгірт даламен жүгіріп келеді, Әбілқайыр зорға дегенде ұстап алды. Қарап көрсе ет жерінде жарақат жоқ. «Қасқыр аузына түсіп те қозы аман құтылады екен-ау! Бәлкім, сарқұлақты қасқыр арқалап кетпеген болар... Бұл қалай болды екен?..»

Зейнел-Ғаби Иманбаев.



ЖОҒАЛҒАН ТҰСАМЫС

Әңгіме

Күн ұясына қонғанда қызыл шұғадай құлпырып, ашық аспанды онан сайын сәндендіре түскен батыс көк жиек бірте-бірте күнгірттене берді. Кешкі өрістен қайтқан мал ауылды у-шу қылып әбігерге салды. Енесінен адасып қалған қозы-лақтардың маңырағанына сиырлардың бұзауын іздеп тынымсыз мәңірегені, тез ағытпадың деп құлын-тайлардың жер тарпи кісінегені ұласып ауыл ішін азан-қазан етті.

Ымырт үйіріліп, қараңғылық бірден бірге қоюланды. Манағы сапырылысқан малдың шуы басылып, терезелерден шам жарығы көріне бастады. Осы кезде Ұлкелді желі маңындағы жылқыны топтап, Қаратал жайылымына беттеткен-ді.

Ұлкелді колхоздың сауын биесін бағатын Отар қарттың баласы еді. Қарт танертең облыс орталығына озат малшылардың кенесіне жүргелі жатқанда: «Ит-құс білінген жоқ, бір-екі күн жылқыны өзін-ақ бақ» деп тапсырған-ды.

Атқа мінуді қызық көретін бір топ бала өріске Ұлкелдімен ере шықты. Ер-тоқымды бірен-сараны болмаса, көпшілігі биеге көпшік салып жайдақ мінген.

Биесін шылбырымен қамшылап, өзгелердің бүлкіліне күрен төбелдің ұтымды аяңымен еріп келе жатқан Ұлкелді, Тұрар кимелей келіп жауырынынан жұлқи жөнелгенде, ауып барып, жалға жармаса түсті. Балалардың ду күлкісі қытығына тиген ол тістері ақсия күліп, тайқи берген Тұрарға:

— Бәлем, сені ме! — деп тебіне, тұра ұмтылды.

— Өзін аударып таста да, биесін бос жібер, жаяу жүрсін біраз салпақтап! — деп, балалар Ұлкелдіні әдейі қошаметтей қалысты. Намыстанған Ұлкелдінің жетсе-ақ өзін биеден аудармай қоймайтынын екпінінен аңғарған Тұрар не болса да оны маңына жуытпаура тырысып, астындағы керқасқа биені шу-шулеп шаба жөнелді.

— Дөненінде кара жерде қасқыр соққан күрен төбелден «сыңар жамбасымен» құтыламын деп қызылмай боп бара ма анау? Әне, көсілтті күренді! — деп жапатармағай шапқыласа ерген балалар Ұлкелдінің қолтығына тағы да су бүрікті. Биесінің сүріншектігінен хауіптенді ме, әлде керқасқанын бар шабысы сол ма, әйтеуір, Тұрар құтыла алмады. Күрентөбелдің енді жібермейтінін

сезген Тұрар тізгінін тарта жақын келген Ұлкелдіге жалтақтай қарап:

— Кәне, келші, не істейсің? — деп мықтымсына сөйледі.

— Е, бәсе, ыға бергенше сен де бір қайрат көрсетсеңші. Біз білетін Тұрар болса оңай берілмес, — деп балалардың қайрап салғанына ерген Тұрар биені кілт тоқтатып, кері бұрылды. Ұлкелді жеткен бойда оны көйлегінің етегінен шап беріп ұстап алды да, биесін оңға бұра тебініп қалды. Ұлкелдінің мұнысын күткендей жалдан мықтап ұстап үлгірген Тұрар қарсыласып тартыспай, оның ыңғайымен, қапталдаса шапты.

— Болма, Тұрар!

— Керқасқа биеге жабысып қалмаса, Ұлкелді оны қазір-ақ жұлып алады.

— Өзі де осал емес. Тақымының мықтысын қарашы. — Қайдан ермек табылады деп келе жатқан балалар мына қызыққа қарық болып, екіге бөліне, екеуінің соңынан анталады. Ұлкелді жұлқи-жұлқи ала алмаған соң, Тұрар оны мазақ қылды:

— Әлгі бетіне қарап бірден аударып тастайтын шығар десем, пай-пай, күшті екенсің!

— Жақсылықты білмедің ғой. Бекін ендеше!

— Естідіндер ме, мынау мені аяй қалыпты, — деді Тұрар мысқылдап. — Қапы қалма!

— Ерегіскенде Қараталға сені жаяу апармасам ба! — деп егеске мінген Ұлкелді қыл шылбырын дұзақтап, Тұрардың аяғынан іліп алды. Оның мұнысын андамай қалған Тұрар босанбақ болып қолын аяғына апара бергенде, Ұлкелді тартты. Нағыз қызыққа балалар жаңа батты. Бір аяғы дұзаққа түскен Тұрар биеден ауып, бір аяғы жерге тиер-тимес болып жалға жармаса асылды да қалды. Балалар екеуін ортаға алып гулеп кетті.

— Ей, биенің астына түсіремісің, жібер енді.

— Жок, жерге түсірмей босатпа, Ұлкелді!

— Әнеүнгі сабантойда көкбарға түскен коңыр тоқтыдай болдың-ау, Тұрар, ә!

— Осы қорлыққа да төзгенің бе!

Қолы талып, әрі мазаққа ұшыраған Тұрар ашудан жарыла жаздап «босат» деді булығы. Оның әбден ызаланғанын көрген Ұлкелді «Ә, жете ме?» деп шылбырды босата берді. Тұрар жалма-жан шалбарының қалтасынан бәкісін суырып алды да «мәсаған» деп шылбырды қып жіберді.

— Ей, долы, мұның не! — Ұлкелдінің жайдары жүзі күреңітіп, жұдырығы еріксіз түйілді.

— Менде ала алмай жүрген өшіп бар ма еді, дәумұрын!

— Шыртетпе, ойнағанға өтің жарылды ма. Алдымен соқтыққан да өзің ғой.

— Әкеннің құны қалғандай немене, соншама өршеленесің!

Тұрардың шақпа сөзі намысына қамшы болып тиген Ұлкелді шыдамай «Сенің тілінді ме» деп биеден қарғып түскенде, балалар қой-қойлап екеуін екі жаққа бөліп әкетті.

Аздан соң балалар Қараталға жетті. Бас алмай, жасыл майсаға қадалып тұра қалған жылқыларды бір аралап шыққан Ұлкелді қашаған күреңтөбелді мықтап тұсап, тоқымдарын төсене жайғасқан балаларға келді.

Ашық, айлы түн. Жымың қаққан жұлдыздар аспан күмбезінің әр жеріне тағылған гауһарша жылтырайды. Майда ескен түн самалы көктемнің көңіл ашар сүйкімді лебін шар тарапқа жайып, табиғаттың осы бір сәби шағын әлдилеп тұрғандай. Андасанда пысқырып қойып, көкті бырт-бырт жұлған жылқының сыбысынан басқа манайдан ештеңе сезілмейді.

Балалардың киімдеріне оранып, бұйы-



ғып қалғи бастағанын көрген Ұлкелді ер-тек айтуын доғарып:

— Жүріндер, жасырынбақ ойнайық,— деді.

Балалар өре түрегелді. Бірақ, жолдағы ашуы әлі тарамаған Тұрар балалардың «жүр, ойнайық» дегеніне ермей қалып қойды.

...Шығыстан қылаңдап таң белгі бере бастады. Түнімен емін-еркін көк жұлып, оты қанған биелер жусаған. Түні бойы асыр салған балалар да біріне-бірі тығыла ұйықтап жатыр.

Күн арқан бойы көтеріле балалар оянып биелерін ұстап мінді. Жылқы ішінен Ұлкелді күрентөбелді ұшырата алмай, шок талдың ара-арасын шолып, одан да таба алмады. Балалардан сұрап еді, ешқайсысы көрдік демеді.

— Таң алдында біз жатқанда бар емес пе еді?

— Тұсамысын үзген шығар?

— Тұсамысы мықты да, қос қабат қайыс-тан жасалған. Аяғы босаса жер-көкте тұрмаушы еді, ұзап кетпесе неғылсын,— деп өкінді Ұлкелді.

Дөң басына шыққан балалар Ұлкелдіге айқай салды:

— Биені әне, Саяағашта жүр.

Балалар көз көрім жатқан биені айдап келді. Тұсамысы жоқ. Қалай түсіп қалды екен?

Осы кезде күн де әжептәуір көтеріліп қалған-ды. Балалар енді асығыс ауылға бет қойды.

* * *

Түске тырмысқан мезгіл. Тауды қойнаулай біткен жінішке жылғада бір топ бала қымыздық теріп жүр. Қымыздық дәмі қышқылтым, саумалдай. Сондықтан, қымыздық атанған. Көбіне сызды жерге өседі. «Жылан» деп тосыннан шыққан үрейлі дауысқа балалар селк етіп, абыржи қалысты. Олар өздерінен оқшауырақта саусағына шүкши-ып тұрған Тұрарды көрді. Бозарған өңі мен шарасынан шыққан көк көздері үлкен үрейді байқатқандай. Балалар лезде оны қаумалап алды.

— Ша...ғып алды.

Тұрардың даусы дірілдей шықты. Оның мына қылығын алғаш жайға балаған жолдастары енді антарыла бір-біріне қарады.

— Жыланның шаққанына ем қонбайды деуші еді әжем, қап...

— Бойың ауырып бара ма? — деп аяған балаларға жалтақтай қарап Тұрар жыларманға айналды.

— Ей, соқпандар өтірікті,— деді Ұлкелді өктем сөйлеп.— Қорықпа, Тұрар.

Ол жалма-жан жейдесінің етегінен қарыстай шүберек жыртып алды да, Тұрардың жылан шаққан саусағын тап түбінен тас қылып буып тастады.

* * *

Даурыққан балалар дәрігердің бөлмесіне рұқсат сұрамастан кіріп келді. Олардың тегін келмегенін сезген дәрігер қыз мәңжайды білуге асықты.

— Не болды?

— Тұрарды жылан шағып алды,— деп, балалар жамырай жауап берді. Дәрігер күп болып ісе бастаған Тұрардың саусағын көріп басын шайқады.

— Байлағандарың өте дұрыс болған екен. У бойға тараған жоқ. Енді емдеу оңай.

Адал, нағыз жанашыр досты жаңа біліп, алғыс атаулымен оған өз ризашылығын жеткізе алмайтындай сезінген Тұрар Ұлкелдіні күшәқтай алды. Түнеугүнгі өз қылығы есіне түсіп, іштей өзін-өзі қатты сөкті.

...Әжесінің «Биені бүгін үдере сауамыз» дегенімен ауыл іргесінде оттап жүрген сауын биелерге келген Ұлкелді бір қызықтың үстінен шықты. Биесінің аяғында екі тұсамыс. Анықтап қарап еді, біреуі әнеугүнгі жоғалған өз тұсамысы. Ағытып қолына ала беріп еді, ілгешекке қыстырылған бір қағазға көзі түсті. Ұлкелді қағаздан мына жазуды оқыды.

«Ағаттығымды кешір.
Жақсылығына қарыздармын.
Т...р.»

Мәди Хасенов.

АЯЗДЫ КҮНІ

Күн өте суық. Қаланың қабат-қабат үйлері де, кең көшелері мен жапырақсыз суда, жап-жалаңаш ағаштар да түп-түгел қар жамылыпты. Бағана сымдары ағарып, үрпек қырау басқан. Кей жерде көкше мұз айдыны жалтырайды.

Пимасының қайқы басына үңіліп, әрі бүрісіп, қалтырап мектебінен келе жатқан тәмпіш, қара бала кенет мұз айдынын көріп, тоқтай қалды. Өттең ызғып келген бетімен бір сырғанап өтсе ғой... жоқ, болмайды екен. Киімі түспегір де қорбиған ыңғайсыз, қар сықырлап, күн де мынау аяз боп... Бірақ... әй, тәуекел, деді ол.

Тәмпіш бала кейінірек шегінді. Сары сумканы сол қолтығына қаттырақ қысты. Аздап белбеуін босатты, баудан жұрдай болған қара құлақшынын желкеге таман сырып, қомдана берді де, пәрменімен жүгіріп ала жөнелді. Өттең сәтсіздік те жиі ғой, ол ұзынша мұзға жеткенде тайып кетіп, жамбастай құлады да, сырғанап барып, үйінді, опа қарға басымен сүңгіп кетті.

Бұл кезде үстіне шұбатылған қара тон, аяғына табаны қап-қалың, қара пима, басына түлкі құлақшынын баса киген Нәкең қарт мұзға таялып қалып еді. Оның сақал-мұрты сауыс қырау, көздері жасаурап кеткен, көрші баласының әлгі қылығына жымың етіп тоқтай қалды да:

— Қарағым-ау, бұ қайсысың! — деді.

Тапаш тез түрегелді. Үстін қаққыштай берді:


— Ә, әке. Бұл менмін ғой.

— Ие, әлгі өзіміздің профессор баламысың!

Тапаш әлгі мұзға тайып құлағанынан ұялды ма, болмаса, қарттың өзін «профессор» деп әзілдегенінен қысылды ма, төмен қарап, тәмпіш мұрнын қос-қосынан тарта берді.

Тапаштың мектепке барғанына небәрі үш ай болған. Оқуға алғыр, ал ойынға келгенде одан да асып түседі. Нәкең кейде оған:

— Қалай, балам, оқу жақсы ма! — дейтін.



— Во! Оқу жақсы, — деп жауап беретін Тапаш.

— Жарайсың. Жарайсың, балам. Сен профессор боларсың әлі. — Бала төмен қарап мақұлдауды өзіне лайықсыз көретін, сөйтсе де іштей ұнатып томсырайып тұратын да:

— Мен профессор болам! — деп көздері күлімдей қалар еді.

Мұз айдынын оралып өтіп, екеуі үйге қарай бет алды. Тапаш қар жабысқан, тәмпіш мұрнын уқалап, қатар жүріп келеді. Мойынға түскен суық қар еріп, тітіркеніп те қойғандай. Сонда да шыдап келеді. Үн жоқ. Жана-малап қастарынан бірнеше машиналар да өтті. Бір кезде қарт:

— Ау, айтпақшы папақа жаңа машина берген бе! — деді балаға.

— Аһа, берді, әке.

— Қалай, мініп тұрасың ба?

— Жоқ... мінгізбейді папам.

— Е, неге, жассың дей ме!

— Жоқ... Оқушысың дейді.

— Ә, олай болса дұрыс екен. Сен жассың. Дегенмен, мені мінгізетін болсын. Папаңа айтып қой, — деді Нәкең. Бала жымыды да, үндемеді.

Келесі күн өте қолайсыз болды. Дауыл үдеп кетті. Доғы боран көбік қарды құйындата суырып, көше бойы алай-түлей шаңғытып тұрды. Үйлер жөнді көрінбейді. Ағаш біткен майыса теңселіп, қонақтағыш құстар да түгел ғайып болыпты.

Ертеңгісін тамақтанған соң-ақ Тапаш жүгіре басып үйден шықты. Бұл уақытта одан бұрын киінген папасы машинаға мініп, сонау жел суырған қар шаңғыты тасасында, көше бойымен алыстап бара жатыр еді. Аң-таң болған Тапаш сумақасын қолтықтаған күйі қыбыр етпей үнсіз тұр...

Ауыз-мұрнынан демі бұркырап, пыс-пыс етіп, қар күрел жүрген Нәкен, қарт балаға жақын келіп:

— Балам, күн бүгін әдемілеп-ақ суытқан екен, ә, — деді.

— Бала үн қатпады. Папасының өзін осы суықта да машинаға мінгізбей кеткеніме ренжіп тұрған сыңайы бар. Осы кезде Сәдір дейтін көзілдірікті профессор бұлардың жанынан өтті. Жәй өткен жоқ, тротуар шетінен әдейі бұрылып келіп, Нәкенмен сәлемдесіп өтті. Бұдан кейін-ақ қарт жадырап қалған еді:

— Балам-ау, — деді ол Тапашқа, — сен ренжіп тұрсың ба?

— Жоқ, әке... Мен жәй...

— Қой, кездерің айтып тұр, балам. Ана кетіп бара жатқан көзілдіріктің танысың ба?

— Жоқ.

— Сен осы кім боламын деуші едің?

— Профессор, — деді бала езу тартып.



— Ана бара жатқан да профессор. Профессор Сәдір деген кісі.

— Солай ма?

— Солай, балам. Сен де балам, тұрма. Жаяулата бер. Жаяу да болсаң кідірме.

Бала «мақұл» дегендей бас изеп, жолға түсті. Қарт оның ізінен біразға дейін күлімсірей, сүйсіне қарап тұрды.

Д. Тасекеев.

Жас талаптар творчествосы

ЖЫҒЫЛМАСАМ...

Таң қалдырып мен елді
Тайға мініп жөнелдім.
Көзім түк те көрмеді
Тайым тізгін бермеді.
Шапқан сайын елді,
Шапанымды жел үрді.
Желпең қағып етегім

Қопан-қопан етемін.
Талып қалды тақымым,
Қалып қалды тоқымым.
Жармасамын жалына,
Жұрт күледі халыма.
Құрбыларым қарайды
Жығылмасам жарайды!

АЩЫ

Қызыл гүлдің қасына
Қойып едім қондырмай,
Бізін сұғып басыма
Шақты-ау ара оңдырмай!

Енді тимен оған мен
Ісіп кетті бас, шөкем.
Балы татті болғанмен,
Тілі өзінің ащы екен!

Қ. Мырзалиев.

ВЕЛОСИПЕДШІ

Көп жалындым шешеме,
Велосипед әперді.
Шықтым бірде көшеге,
Мінгестіріп Сәкенді.
Байқамастан жағаға,
Омақаса құладық.
Көрсетпестен мамаға,
Күліп тұрып жыладық.

М. Қыстаубаев.

ВЛТАЙДЫҢ СҰРАУЫ

— Апа, апа, қалада,
Мұндай қызық жоқ шығар.
Толды су сай мен салаға,
Жоғалып жатыр ақша қар.

Жоғалып жатыр қар, қайда,
Маған аздап қалмай ма!

Қ. Нұралин.

МУҚАН ИМАНЖАНОВ

(Қайтыс болғанына бір жыл толғанына)

Бұл 1949 жылдың күзінде болған еді. Ол кезде біз Қазақтың педагогикалық институтында оқитынбыз. Әдебиет үйірмесінің мәжілісі жиі-жиі болып тұратын. Әдебиет үйірмесінің мәжілісінде талқыланып, тәуір деп танылған өлең, әңгімелеріміз бен сын мақалаларымызды газет, журнал редакцияларына алып барғанша асығатынбыз. Аға әдебиетшілердің ішінен біздің ең көп баратынымыз — Мұқан еді. Ол кезде Мұқан «Социалистік Қазақстан» газетінің әдебиет-искусство бөлімін басқаратын. Бірде мен де Мұқанға біраз өлеңімді алып бардым. Әлі күнге дейін есімде. Жұмысының көптігіне қарамастан ол сол бетте-ақ менің өлеңдерімді байыптап оқып шықты да, өзінің ағалық ақыл-ын айтты. Өлеңдерімнің кемшіліктерін саралап көрсетіп берді. Бірақ, мен оған ренжігем жоқ және үмітімді де үзгем жоқ. Шын-

дығында да, жалғыз мен емес, жас әдебиетшілердің талайы-ақ Мұқанның сын пікірлерін, ақыл-кеңестерін естігенде тауы шағылып, түңіліп кетпейтін. Кісінің жан түкпіріне үңіліп, нағыз дос адамынша сырласу, оның бойына біткен болашаққа деген қасиеттерінің бірі еді.

Өзі негізінен көркем қара сөз және драматургия саласында жазғанмен, Мұқан әдебиеттің басқа жанрларында туған шығармалар жайында да парасатты пікірлер айта білетін. Сондықтан да оның төңірегіне жас әдебиетшілердің қай-қайсысы болмасын үйір келетін.

Мұқан 1916 жылы Қарағанды облысының Ұлытау ауданында туды. Ол совет мектебінде оқып, тәрбиеленіп өсті. Оның әдебиетшілік, журналистік қызметі 1938 жылдан басталады. Ол кезде Мұқан республикалық радиокомитеттің әдеби-драмалық хабарлар редакторы болатын. Бұдан кейін ол «Социалистік Қазақстан» газетіне ауысты. Өмірінің соңғы жылдарында ол «Пионер» журналының редакциясында істеді.

Мұқанның «Жастық» атты тұңғыш әңгімелер жинағы 1948 жылы басылып шықты. «Жас өмір» атты пьесасын да ол сол жылы жазды. Оның жастық тақырыбына арналған бұл шығармаларын жұртшылық сүйсіне қарсы алды.

1950 жылы Мұқан «Алғашқы айлар» деген көлемді повесін жазды. Бұл шығармасы арқылы ол қазақ совет әдебиетінің жемісті еңбек етіп жүрген, белсенді қайраткерлерінің қатарына қосылды.

Қазақ совет әдебиетінде ауылдық мектеп өмірін дәл «Алғашқы айлардай» мол суреттеген шығарма жоқ. Мұқанның бұл повесі — шәкірттерге политехникалық білім беру мәселесін бүкіл совет әдебиетінде тұңғыш рет көтерген шығармалардың бірі.

«Алғашқы айлар» повесінде жазушы Жақыпбек сияқты жігерлі, ізденгіш, жаңашыл мұғалімнің тамаша бейнесін жасады. Повесте Жарқын, Сапар, Сейтен, Бектай, Әйтен тәрізді әралуан бала кейіпкерлердің де тұлғалары бар. Жазушы оларды өздерінің мінез-құлқына, ой-парасатына қарай даралап, шын-найы суреттеді.

«Алғашқы айлар» повесі 1955 жылы орыс тіліне аударылып, Москвада басылып шықты. Сөйтіп, ол бүкілодақтық оқушыдан лайықты баға алды.



Мұқан Каменское плато курортында.
Сурет 1957 жылы жазда түсірілген

Мұқан көлемді шығармалар жазумен бірге, көркем әңгіме саласында да жемісті шұғылданып отырды. Оның әңгімелерінің екінші жинағы 1952 жылы «Таныс қыз» деген атпен басылып шықты.

Бұл жинаққа енген әңгімелерінде де жазушы совет адамдарының шынайы бейнелерін жасады, олардың творчестволық еңбегін, тамаша ой-сезімдерін суреттеді.

Жазушының әсіресе «Коммунизм мүйісі» атты әңгімесі қызғылықты. Бұл әңгімені оқып шыққанда жүректі ерекше бір қуаныш сезімі билейді. Әңгіме кейіпкері кішкентай Мұрат бізге өзінің адалдығымен, білімге құмарлығымен мейлінше ұнайды. Ал оны мұндай етіп тәрбиелеген — совет мектебі, Тілегендер тәрізді совет мұғалімдері. Жазушының бұл әңгімесіндегі «баладан коммунизм дүниесінің бір бұрышын» көргендей боламыз.

Мұқан жай көзге өте қарапайым, тіпті өте болмашы болып көрінетін жайлардың сыр-ын терең ашып, қызғылықты етіп суреттей алатын еді. Мәселен, «Еңбек қуанышы» атты әңгімесінде ол телеграфистік қызметтің тамаша сырларын суреттейді. Күн сайын мыңдаған жандармен тілдесіп, талайларды қуаныш сезіміне бөлейтін телеграфистің қарапайым, бірақ құрметті қызметіне біз сүйсініп отырамыз. Жазушы бұл әңгімесінде Шекер сияқты еңбек сүйгіш жас қыздың әсерлі бейнесін жасады.

Тіпті шағын әңгімелерінің өзінде де Мұқан кейіпкерлерінің іс-әрекетін, ой-сезімдерін шынайы суреттей алатын. Әрине, бұл оның шеберлігіне байланысты еді. Сондықтан да, оның кейіпкерлерін оқушы ұмытпайды. «Барыс, бар тыныс, бар тіршілік бір бойынан табылған бақыт кітабы — ұлы заңды» шын жүректен сүйетін, бала мінезді, ақ көңіл, адал жүректі Мейрам қарт («Кітап»), мейлінше кішіпейіл, еңбек сүйгіш Раушан («Таныс қыз»), өз міндетіне аса жауапты қарайтын, қоғамшыл қарапайым кондуктор («Кондуктор») және басқалар өздерінің мінез-құлқымен, ісімен, кескін-келбетімен оқушының есінде қалып қояды.

Жинаққа жазушының балаларға арналған бірнеше әңгімелері де («Талап», «Бөбек», «Ораз бен Боря», «Жол үстінде») енді. Бұлардың ішіндегі аса тәуірі — «Жол үстінде». Әңгіменің негізгі кейіпкері — Сағит деген бала. Ол суретші болуды арман етеді, өзі ептеп сурет сала да біледі. Мұндай талапты бала ойлаған мақсатына жетпей тынбақ емес. Сағиттың бойында балалық аңсарынан басқа алып ұшқан қайрат, жігер бар. «Вань-

ка — өте ынжық бала», — дейді ол Чеховтың белгілі әңгімесінің кейіпкері жөнінде. Бұл оның ой-парасатын да аңғартады. Сонымен бірге, Сағит — өзі туған колхозды, өзі оқыған мектепті жанындай жақсы көретін патриот. Туып өскен ауылы туралы және оның адамдары туралы ол мақтаныш сезімімен сөйлейді. Әңгімеде Сағиттің әлі қалыптасып болмаған толқымалы ойы, сәбилік аңқау мінезі, сүйкімді балалық қылығы әсерлі суреттелген.

1953 жылы Мұқанның «Азамат мақтанышы» атты кітабы шықты. Бұған жазушының әр кезеңде жазған публицистикалық мақалалары енді. Сөйтіп, ол қазақ совет әдебиетінің бұл саласында да едәуір еңбек етті. Мұқанның мұндай мақалалары совет адамдарының азаматтық мақтанышына, жарқын ойларына толы болып келетін.

Мұқан 1954 жылы «Менің махаббатым» атты пьесасын жазды. Жазушының республикалық конкурста бәйгі алған бұл пьесасы көптеген театрлардың сахнасында қойылды.

Мұқан жаңалыққа жаны құштар, белсенді жазушы еді. Ден саулығының әлсіздігіне қарамастан, ол тың игеріліп жатқан өлкеде талай рет болып, ондағы өмірді сарыла, көп зерттеді. Оның осындай көп ізденудің нәтижесінде туған әңгімелері 1956 жылы «Тыңдағылар» деген атпен жеке кітап болып шықты. Жинаққа енген «Үй», «Есеновтың тағдыры», «Атаныс алдында» сияқты әңгі-



мелері мазмұнды, әрі көркем. Жинақта «Қорқақ», «Бес», «Сапардың тәжрибесі» тәрізді балаларға арналған әңгімелер де бар.

Шығармаларында әрдайым игі, жарқын құбылыстарды бейнелейтін Мұқан соңғы кезде өз талантының соны бір қырын, яғни сатирашылық қабілетін де аңғарта бастап еді. Өмірінің соңғы жылдарында жазған «Сенген шала» атты сатиралық комедиясында ол бұл қасиетін жақсы танытты.

Жас ұрпақты коммунистік, отаншылдық рухта тәрбиелеудің маңызы аса зор екендігін Мұқан терең түсінді. Шығармаларының да көпшілігін ол осы тақырыпқа тікелей арнады. Бұл оның публицистикалық мақалаларының да өзекті желісі болып келетін. «Жеткіншекке» деген мақаласында ол былай деп жазған еді: 7

«Таяуда орталық газеттерде бір жасар сәбидің суреті шыққан, мүмкін, естеріңде жоқ шығар. Егер баяндай бастасақ, ойларыңа бірден түсе қалады. Грецияның түрмесінде көзі мөлдіреген бөбек отыр... деп бастайықшы: «Ә, білеміз, азаттық үшін күрескен, озбырлар жазалап өлтірген, грек халқының батыры Никос Белояннистің бөбегі... есімізде» дейсіңдер.

Я, сендер мұны ұмытуға тиіс емессіңдер. Түрмеде туған, жарық дүниеге келгеннен

бері алғашқы күндерін түрмеде, тар қапаста өткізіп отырған бұл нәрестенің күні не болмақ? Оның жазығы не? Мұндай да айуандық болады екен-ау деп әрі таңырқайсың, әрі жас нәрестеге жаның ашып, ызаға булығысың. Бұл саған бейнебір ақылға сымас тағылық, сирек көздесетін жан түршігерлік оқиға сияқты көрінеді.

Саған бұлай оғаш көрінуі бір жағынан табиғи да нәрсе. Өйткені, сен мұндай тағылық дегеннің не екенін білмейтін елде — өзіміздің совет елінде өстің».

Мұқан осылайша жас ұрпақты советтік бақытты өмірімізді бағалап сүйе білуге, оның бұдан гөрі гүлдене түсуі жолында еңбек етуге дайын болуға баулып отырды. Ол жас әдебиетшілердің де жанашыр досы еді. Әдебиетке соңғы жылдарда келген жастардың ішінде одан творчестволық қолдау көрмегені кемде-кем.

Мұқан творчестволық дер шағында, мезгілсіз қайтыс болды, жүрегін кернеген творчестволық ойларын толық жүзеге асыра алмай кетті. Сөйтседе, оның бізге қалдырған мұрасы біркелкі мол, әрі өзінше көркем. Оның жақсы шығармалары болашақта да жас ұрпақты адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, достыққа баули бәрмек.

А. Нұрқатов.

КӨКТЕМ ТАҢЫ

Көк аспанның пұшпағына тамса қан —
Түнді түріп келе жатар таң шабан.
Шық тамшысын сөрып тұр гүл

сәбидей

Тіліне сап тәтті кәуіфет тамсаған.
Дегендей боп «Ерте оялды кім бүгін!»
Асқар белге асылды да, күлді күн —
Өкіл ана, түнде түйін тастаған
Көк алманың кесіп алды кіндігін.

Қ. Баянбаев.

Талдықорған облысы.

ЖҰМБАҚТАР

Бар екен бір кісінің бес баласы
Бәрінің бірдей екен жас шамасы.
Туса да бір-ақ күні, бір анадан
Бар екен ұзыны мен аласасы.

Қалың жылы ақ көрпе
Тозасың-ау тым ерте!
Жамап, жасқап ептедім
Сонда да жазға жетпедің.

Мезгеп биік асқарды
Шаштым асыл тастарды.

Шаштым үлкен қазанға
Жиып алам азамда.

Кейде шөгіп жатамын
Тау басында төсегім.
Кейде желмен желігіп
Мен де желдей есемін.

Жырғады да бетімді
Тырналайды етімді.
Көпмейді оған ашуым
Көбейеді шашуым.

Б. Тайменкеев.

КЕТТІ ӨЗІ СЫРҒАНАП

Желмен ойнап бұрымы,
Бір сүрініп, бір құлап.
Пыс-пыс етіп мұрыны,
Алма жүрді сырғанап.

Бұны көріп бір тентек,
Шанасына жармасты.

Оңай ма екен беріспек,
Қойны-қоншын қар басты.

Сабырменен жай басып,
Өсет келді бұларға.
Жазықсызға жаны ашып,
Бір жақсылық қыпар ма!!

Тентекке оп төніп кеп,
Ақ тұйғындай түйілді.
Көңілденді Алма да,
Көзден жасы тыйылды.

Өсет бірақ, тентекті
Ұрып-соғып жұлмалап,
Тартып алып шананы,
Өзі кетті сырғанап.

Қ. Сағитов.

Павлодар облысы.

Асан мен Ахан

Көрші тұратын Асан мен Ахан құрдас болатын.

Асан — орта бойлы, тығыршықтай, қара бала еді. Сампылдап жылдам сөйлейтін. Әр нәрсеге де ебдейлі.

Ал, Аханның түр-сипаты да, мінезі де Асаннан мүлде өзгеше. Сөлпиген, сопақ бет, өте нәзік, өңі көлеңкеде өскен шөптей солғын. Бұл — Әлтай дейтін дүкеншінің жалғыз баласы. Жасынан жел-күнге тигізбей, еншәрсе істетпей, алақанға салып өсірген. Сонысынан ба, әйтеуір, шолжақ, ерке.

Июнь айының маужырған әдемі бір күнінде екі құрдас — Асан мен Ахан Доңғал құмына жуа, көсік теруге шықты.

Жаңбыр көп жауған жыл еді. Құмда сан алуан шөптер өскен. Хош иіс мұрын жарады, нешетүрлі гүл көздің жауын алады. Көсік, жуа дегендер қолдан еккендей көп-ақ, терудің қызығымен олар кештің болғанын да білмей қалған-ды.

— Бәлі, күн батуға айналыпты, жүр қайтайық, Ахан, — деді бір кезде Асан.

— Бәсе, менің қарным ашып еді-ау, — деді Ахан да.

Сонымен, екеуі қалталарын көсік пен жуаға сықап алып, күн бата үйлеріне қайтқан.

II

Сасықөзекке судың толып кеткенін көргенде, Ахан екі қолымен бетін басып:

— Ма-ма! — деп еңіреп қоя берді.

Бұлар осы жерден мана өткенде Сасықөзектің аңғары құп-құрғақ еді, енді, міне, су арнадан аса ағып жатыр.

Асан аз ойланып, үнсіз тұрды да, Аханға бұрылып:

— Неге жылайсың, жүр, сал жасаймыз, қамыс орайық, — деді.



Ахан орнынан қозғалмады. Ол сал дегеннің не екенін білмеуші еді. Бар болғаны:

— Қамыс ора алмаймын, қолымды қиып кетеді... а-а-а, — деп даусын соза берді.

Асан шаппасын қолына алды да, өзек жағасындағы қу қамысты түбінен қыршып қия бастады, сөйтті де:

— Мөңіремей, мұнда кел, бүйтіп-бүйтіп орамыз да, сал жасаймыз, соған мініп өтеміз, — деді.

Ахан аяғын енжар басып келіп, пышағымен бірер қамыстың түбін қиған кезде-ақ:

— А-а-а, қолымды кесіп кетті, — деп шеттеп шыға келді.

Асан орамалының шетін жыртып, оның қамыс қиған саусағын орап таңды.

— Жылауық, отыр осылай! — деді де өзі қызу қимылға басты. Екі құшақ қамыс орып, өзен жағасына әкелді. Қос уыстай қамысты суға салып жібітіп, оны жаныштап, бір шетін Аханға ұстатып қойып, ұзын-ұзын үш-төрт бау есті. Сөйтті де, әлгі екі құшақ қамысты сал ғып байлап, суға түсірді. Жеңді білектей қамысты білемдеп, оны ескек етті.

— Ахан, кел мін, өтеміз енді!

Бірақ, Ахан салға жақындамады. Дір-дір етіп қорқып, «мінбеймін, суға құлаймын» деп тұрып алды. Күйінген Асан салға қарғып мінді де, әлгі кішкентай қамыс ескегімен есіп, өзекшенің арғы бетіне шықты, онан қайтып бергі жағаға келді.

— Көрдің бе енді, құламайсың, мін!

Аханның айтқанға көнер түрі жоқ. Қап-қара боп түнеріп, шымырлап ағып жатқан өзекше суы оған сұмдық үрейлі, жақындаса-ақ жұтып жіберетін жыландай боп көрінді. Тұла бойы мұздап, буынынан әл кетті. Бар тапқаны — бақырып жылай берді. Асан сал үстінен далаға атып шығып, Аханның қасына келді:

— Мінемісің?!

— Қо-ры-қа-мы-н!...

Асан Аханның аш белінен шап беріп құшақтады да, жерге етпетінен алып соқты. Тізесімен басып отырып, екі қолын орамалмен артына байлады. Сөйтті де құшақтап әкеп салдың үстіне сылқ еткізді.

— Жат осылай, оңбаған, қорқақ!

Зәресі ұшқан Аханның жылауға да әлі келмеді. Асан оның үстінен басып отырды. Олар өзеннен осылай өтті. **Ә. Оңалбаев.**

РЕКОРДТЫҢ ТУУЫ

Кешеден бері жапалақтап жауа-жауа осы бір сүреңсіз сұрқыл көріністен өзі де жалыққандай болған қар борасыны түс мезгілінде ғана тоқтаған еді. Түтілген мақтадай ақ ұлпа жамылған ағаштардың сида бұтақтары да көрінбейді. Біріне-бірі қол ұшын беріп, қатарласа өскен қалың ағаш қысқы ұйқыға шомғандай, үнсіз-сыбырсыз мүлгіп тұр. Қоршауы, жолдары мен алаңқайлары болмаса, мынау парк орманға ұқсайды.

Парк ішінің жым-жырт тыныштығын ағаш күректің тықыры ғана бұзып тұр. Күрек ұстаған он алты — он жеті жас шамасындағы ерімдей жастың киімі жұқа болса да, қытымыр аязды елер емес. Қолындағы күрегін аршындай сермеп, ағаш арасындағы жіңішке жолды аршып жүр.


Міне, ол шеңберді дөңгелете тазалап кеп, жұмысын аяқтады. Бұл шеңбер жол екі жүз метрдей. Ол, күрегін ағаштардың біріне сүйеп қойды да, жаңағы өзі тазалаған шеңберді айналып жүгіре бастады. Бір, екі, үш... бес... он айналып шықты. Әлі тоқтай қоятын емес. Шаршағаны да білінбейді. Еті қыза көсіле түсетін сәйгүліктің шабысындай арынмен сілтеп барады, сілтеп барады. Олай-бұлай өткен бірен-саран адамдар еліктей едірейе қалып, қолақпандай жігіттің жын қуғандай далбақтауына қайран қалысады.

Бұрнағы жылдың қысында жолы түсіп, Арал қаласындағы «Маяк» паркіне бара қалған адам, күн сайын кешке қарай осы бір көріністі байқар еді. Бұл неғылған бала, аты-жөні кім, не істеп жүр? Әлбетте, ойға ең алдымен келетін осы бір сұрақтарға мынадай жауап естісең, сенеріңді де, сенбесіңді де білмес ең.

Бұл — осындағы сегізінші класс оқушысы. Аты — Совет, фамилиясы — Исамбаев. Оның жеңіл атлетикадан жаңа рекордтар жасамақ ойы бар.

Қалалық та, облыстық та, республикалық та емес. Онан да зор! Және бір емес бірнеше рекорд жасамақ! Әрине, бұған бірден сен де, мен де, басқа да — жалпы ешкім де сене қоймаған болар еді.

Мәселе мынада. «Рекорд жасау» деген сөз айтар ауызға оп-әңай болғанымен, іс жүзінде аса қиын нәрсе. Мысалы, 100 метрлік қашықтыққа жүгіруден бұдан бақандай он бір жыл бұрын жасалған Қазақстан рекорды әлі күнге дейін өзгерген жоқ. Америка спортшысы Джесси Оуэнстің жарыстың



осы түрі бойынша 1936 жылы жасаған дүниежүзілік рекорды тұп-тура жиырма жыл өмір сүрді. 1500 метрге жүгірудегі эстон оқушысы Лангтың бүкілодақтық рекорды жеті жылдан кейін, былтырғы август айында ғана өзгерді. Ал сол Джесси Оуэнстің ұзындыққа секіруден бұдан жиырма бір жыл бұрын жасаған дүниежүзілік рекордын бүгінге дейін ешкім де жақсартпай келеді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сонымен қатар, үлкен рекорд жасау үшін, әдетте, арнаулы ұзақ дайындықтан өту қажет. Жаттығуларды жақсы жабдықталған стадиондар мен алаңдарда өткізу шарт. Спортшының ұйқысы да, тамақ ішуі де, демалуы да, қызметі де, жаттығуы да — бәрі де белгілі бір қатаң тәртіп, бұлжымас кесте бойынша жүргізілуі тиіс. Оның әр қимылы дәл де ұтымды, шебер де шапшаң болуы керек. Мысалға, жуыққа жүгіргенде спортшының мәрден ытқуы да, қол сермеуі де, аяқ серпуі де, тіпті аяқ-қолдарының қаншалықты бүгіліп-жазылуы да елеулі роль атқарады. Қысқасын айтқанда, шеберліктің шыңына жетпейінше, мұқият дайындалмайынша үлкен рекорд тұмайды.

Мінеки, осы шарттардың бәрін бұлжытпастан тым жақсы жағдайда жаттығып жүрген тәжірибелі де, кәнігі спортшылардың талайы

жақсарта алмаған рекордтарды, жаттығуларды парк ішінде, қолдан жасалған қар соқпақта өткізіп жүрген осы бір бала жақсартады дегенге сенуге бола ма?

Алайда... Алайда асығып-аптықпай, оқиғаны рет-ретімен баяндайық.

Әдетте, жас адамның қай-қайсысы болмасын шыдамды да шымыр, күшті де епті, жүйрік те самғағыш болуды аңсайды.

Осындай албырт арман Советтің де көкейінде бар болатын. Ал оған жетудің бірден-бір жолы — спорт. Бұл кімге де болса ақиқат. Сөйтіп, осы бір ақиқатпен «жықсам, жеңсем, озсам» деген арман Советті спортқа әкелді.

Рас, ол алғашында бой жазуды да, секунд өлшегішті де, жүгіргенде аяқты аңдап ырғағымен серпуді де дәл келістіре білмейтін. Қыс бойы паркке аптасына алты рет келіп, жүгіре беретін, жүгіре беретін. Әбден шаршап-шалдыққанда ғана үйіне қайтатын...

Тұңғыш табыс көктемнің көңілді лебімен қосыла келді. 12 майда болған аудан жастарының фестивалінде Совет жаяу жарыстан бірінші орын алды. Осыдан он бес күннен соң ол жеңіс қуанышына тағы да бөленді. Ол облыстық фестивальде де алдына жан салмады. Он жетіге жаңа шыққан жас талап июль айындағы республикалық фестивальдің де спорт ойындарына қатынасып, ересектер арасында 800 және 1500 метрге жүгіруден тоғызыншы орынға ие болды.

Әдетте, қандай тренер болмасын, спорттағы жас буындарға жағалай көз салып, жарыс көк жиегінде жаңа «жұлдыздардың» туын жалықпай іздейді. Жеңіл атлеттердің астанадағы «бағбандары» Аралдың желаяқ баласын, әрине, байқамай қалған жоқ. Оны дереу Алматыда қалдырып, республикалық жасөспірімдер командасына енгізді. Оны алда болатын мектеп оқушыларының Бүкілодақтық IV жазғы спартакиадасында жарысқа қосу үшін жүйелі түрде жаттықтыра бастады.

1957 жылдың август айы. Рига қаласындағы «Даугава» стадионының кең трибуналары бүгін қара-құрақ болып қаптаған көрермендер тасқынына толып қалған. Мұнда жасөспірім жеңіл атлеттердің 1500 метрге жүгіруден финалдық жарысы өткізілмек.

Алдын-ала жүгірістерде жеңіске жеткен жүйріктер, енді өзінше бір дара топ болып, жүлделі орындарды сарапқа салар сәтті күтіп тұр. Төреші оларды мәреге шақырды, тапанша даусы тарс етті, жарыскерлер ыта жөнелді.

Талай жарыстарға қатынасып, талай сындардан өткен саңлақтар мәреден үш жүз

метрдей шыққанша, топтарын жазбастан, бірін-бірі бағып, бірінен-бірі озбай, қатарласа жүгіріп отырды. Бір кезде аққұба еңді, қызыл майка киген қазақ баласы жаңағы топтан жырыла шығып, алға түсті. Жинақы шоғырдың шырқын бұзған да сол болды. Енді олар, қатарлары сетінеп, бірінен-бірі озғындап, оқшау-оқшау болып, андыздай шапты.

Совет сөреге оншақты метр қалғанша, алдына жан салған жоқ. Бірақ, қарқыны бұрынғыдай емес, шаршап қалғандығы көрініп-ақ тұр. Манадан бері біркелкі сілтеп, өкшелей қуып келе жатқан иркутскілік В. Жилкин дәл осы кезде, еті қызған сәйгүліктей, ағындап кеп басып озды. Ол күшін артқа сақтап, айналасын асырып кетті. Уақыты 4.03,05. Одан бір жарым секунд қана соң келген Совет екінші орынға ие болды.

Енді Советтің есімі Қазақстанға ғана емес, бүкіл Одақ көлеміне тарады. Тәжрибелі тренер мен көпті көрген көне жүйріктер, спорт білімпаздары қазақ баласының келешегінен жеміс күткендіктерін сенімді үнмен ашық айтты. Шынында, Совет бұл үмітті бір жыл өтпей-ақ ақтады. Жыл бойына үздіксіз жүргізілген жүйелі жаттығулар босқа кетпеді.

Жоғарыдағы көрініс 1958 жылдың август айында Тбилисидің «Динамо» стадионында тағы да қайталанды. Бірақ, бұл жолы Совет былтырғыдай шу дегеннен тура шаппай, күшін артқа сақтады. Сөреге 400 метрдей қалғанша төртінші орында болды да, соңғы айналымда ғана озып шықты. Күш сақтаудың пайдасы осы да! Ол сөреге басқалардан 40—50 метрдей бұрын келді. Төрешілер уақытты есептеді де, бүкілодақтық жаңа рекорд жасалғанын хабарлады. 4.02,4 тамаша нәтиже!

Осыдан бір күн өткен соң, 333-номерлі қызыл майка киген қазақ баласы — Совет Исамбаевтың есімі мектеп оқушыларының Бүкілодақтық V спартакиадасы өтіп жатқан «Динамо» стадионы үстіне тағы да шарықтай көтеріліп, радио, телеграф, баспасөз арқылы бүкіл Совет Одағына тарады. Ол 800 метрге жүгіруден де бүкілодақтық рекордты жақсартты.

Міне, балалар, рекорд осылай туды. Қар жамылған «Маяк» паркінде басталған спорттық қадамның бүгінгі шыққан шыңы — осы.

Совет қазір он сегізде. Спортпен шындап айналыса бастағанына небәрі екі-ақ жыл. Ол қазір Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінің 10-класында оқиды. Тренері — Мельбурндегі XVI олимпиялық ойындарда жүлде алған спорт мастері Евгений Семенович Кадьякин.

Т. Жанұзақов.



Ақжан Машанов.

Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті.

Балалар, сендер халықаралық геофизикалық жылдар деген сөзді естіген боларсыңдар. Ол осыдан екі жарым жыл шамасы бұрын басталды. Барлық жер жүзіндегі халықтар жердің физикалық қасиеттерін бірлесіп зерттеуді қаулы етті.

Халықаралық ғылым тілінде жерді ГЕО дейді, ал оның физикалық қасиеттерін зерттеу геофизика ғылымының ісі. Геофизикалық жылдар деген осыдан туған. Оның себебі мынау:

Жер жүзіндегі халықтар қанша көп болғанымен, олардың мекен жайы бір Жер ғана. Ол Жерді зерттеуші ғылым да біреу ғана болу керек. Жердің бетін тегіс зерттеу, оның адам баспаған суық полюстарын зерттеу, басқаша айтқанда, Арктика мен Антарктиканы зерттеу, дүниедегі мұхиттарды зерттеу барлық елге тән іс. Әсіресе, Жердің сыртын қоршаған қалың ауа қабатын, басқаша айтқанда, атмосфераны зерттеуге күшті техника керек. Жердің айналасын қоршаған аспан кеңісін зерттеу онан да қиын. Ал, Жерге көршілес Айды, планеталарды, Күнді, жұлдыздарды зерттеу тіпті қолдан келмес хиял сияқты болып көрінеді. Солай бола тұрса да, біздің заманымыздың күшті техникасы халықаралық геофизика жылдарында осы мәселені алға қоюға мүмкіндік алды.

Жердің өзін және оның айнала төңірегін зерттеудің адам баласының барлық өміріне, ғылымға аса зор маңызы бар екені айтпай-ақ белгілі. Бір-екі ғана мысал келтірейік. Жердің қалай жаралғанын білудің өзі оның айналасындағы аспан шырақтарын зерттеумен байланысты. Жер бетінде барлық тіршілікке қуат беруші — күн сәулесі. Оның сырын білу әлі шешілмеген жұмбақ. Алда ауа райын білу, жердің магниттік

өрісін білу, тарту күшін түсіну сияқты тамаша зор мәселелер жатыр. Онан қала берді, сол білімдерге сүйеніп Айды, планеталарды, Күнді, басқа жұлдыздарды зерттеу, оларға саяхат жасау сияқты таңғажайып істер тағы тұр... Демек, жер ғылымы аспан шырақтарын (жұлдыздарды, планеталарды) зерттеуші астрономия ғылымына жалғасады. Аспан ғылымы астрономия ежелден барлық ғылымның атасы болған. Сондықтан, аспан кеңісін зерттеу ісі ілгерілеген сайын барлық ғылым да дами бермек. Халықаралық геофизикалық жылдарға барлық ел болып зор ынта аударуы да осыдан. Жердің жасанды серіктерін жіберу, ракеталар ұшыру сол геофизикалық жылдарға арналған өнер. Сондықтан да, оның жеңісіне әрбір адал ниетті адам тілектес. Сондай жеңістің біріне жақында өзіміз күү болдық.

Осы жылдың 2 январында Совет Одағы айдан асыра ракета ұшырды деген хабар жер жүзіне тарады. Енді осы жөнінде азырақ түсінік бермекпіз.

Ракета ату өнері ертеден бар нәрсе. Осыдан бірнеше мың жыл бұрын Қытайдың кішкене ракеталар ату өнері болған. Біріншіден, мейрамдарда аспанға түрлі түсті оттар атып халық қызықтаса, екіншіден «отты оқ» ретінде жауға ататын болған. Онан кейін бұл өнер Үндістанда дамыған. Өткен ғасырда бұл өнер Еуропаға таралып, соғыс өнерінің басты бір түріне айналды. Екінші дүниежүзілік соғыста немістердің Лондонды бомбалаған «ФАУ-2» атты ракетасы да қазір жұртқа мәлім.

Ракета ату өнері тез дамып келеді. Біз бүгін сол өнердің аса зор табысқа жеткенін көріп отырмыз. Ол — ракетаның Айдан әрі ұшуы. Бұл бұрын болмаған оқиға. Бұған дейінгі ракеталар қанша алысқа ұшырылғанымен жердің тарту күшінен шыға алмайтын. Жерге қайта түсетін немесе атмосферада жанып кететін. 2 январьдағы ракета жердің тарту күшінен құтылып, күннің тарту күші өрісіне кірді. Демек ол жерден мүлде құтылды, жерге қайтып келмеске кетті. Ол күн серігіне, кішкене планетаға айналды. Сонымен, жер заты аспан затына айналды. Мұның жер жүзін таңдандырған тамашасы осында.

Енді осы ғажайып істің негізін қалай түсіруге болады? Ракета атудың негізі — затты пәрменді күшпен лақтыру. Мысалы, тасты неғұрлым қатты лақтырса, ол солғұрлым алысқа ұшады. Лақтырған заттың жерге қайта түсу себебі не дегенде, біз оның ауырлық салмағы дейміз. Заттың салмағы деген не десе, ол жердің тарту күші дейміз. Олай болғанда заттың ұшып кетуіне жердің тарту күші кедергі жасайды екен. Жердің тарту күшінен құтылған зат салмағын жоғалтады. Демек, ол бетімен ұша бермек. Сонымен, мәселе жердің тарту күшінен құтылуда екен.

Жердің тарту күші қалай таралған? Жердің тарту күшінің таралуын оның айналасын қоршаған ауа қабатының таралуынан көруге болады. Жердің тарту күші оның бетінен қашықтаған сайын әлсірей береді. Соған сәйкес ауаның (атмосфераның) тығыздығы да сирей береді. Жердің тарту күшін оттың қызуы, шамның жарығы, магниттің темірді тартуы сияқты қуат деп түсіруге болады. Мысалы шамның жарығы алыстаған сайын әлсірей береді, ақыры көрінбей кетеді. Жердің тарту күші осыған ұқсас.

— Шамның қасында тұрып бір затты жарық көрінбейтін жерге лақтыру үшін не керек?

— Ол үшін соған жеткілікті күш керек.

— Қанша күш жеткілікті болады?


— Оны есептеу үшін шамның жарық күші мен лақтыратын заттың салмағын білу қажет.

Міне, Жердің тарту күшінен сыртқары әлемге, яғни космосқа ракета ұшыруда шығарылатын есеп осы. Жердің тарту күші көп замандардан бері белгілі. Оны есептейтін Ньютон заңы бар. Қолдан жасалған ракетаның салмағы белгілі. Олай болса осы екі белгілі шама бойынша ракетаны ұшыруға керекті күшті есептеп шығару оңай. Ол күш ұшырылған заттың шапшаңдығымен есептеледі.

Мысалы, ұшырылған ракетаның шапшаңдығы секундына 8 километр болса, ол жердің тарту күшімен тең түседі. Сол себепті ол жерге түспейді де, жерден тыс кетпейді де, айналып жүретін болады; демек, ол жердің жасанды серігі болады. Оның жерді айналу жолы, яғни орбитасы шеңбер формалас. Ұшырылған заттың шапшаңдығы өскен сайын оның айналыс шеңбері үлкейе береді. Және сонымен қатар, бір жағына қарай сопақтала береді. Сопақ шеңберді эллипс деп атайды.

Ұшырылған ракетаның шапшаңдығы секундына 11,1 километрге жетсе, оның айналыс эллипс жолы айды айналатын болады.

Ай мен Жердің арасы орта есеппен 384 000 километр шамасында. Эллипстың ұзын білігі, кемінде осы шамалас болу керек. Демек, бұл өте сопақ эллипс болады. Ұшырылған ракетаның шапшаңдығы онан сәл артылатын болса, сопақ шеңберінің бір басы жазылып, түзу сызыққа айналады. Басқаша айтқанда, ракета Айдан әрі өтіп, Күнге қарай жол тартады. Мысалы шапшаңдық секунды-




на 11,2 километрге жетсе, ракетаның жолы парабола деп аталатын сызыққа айналады. Онан әрі гипербола сызығы бар. 2 январь ракетасы осы кейінгі айтылған сызықтардың бірімен кетті. (Осы айтылғандарды 1-суреттен көруге болады. Бұл суретте ракетаның ұшу шапшаңдығы қанша болғанда оның жүріс жолының сызығы қандай болатыны көрсетілген).

Осындай шапшаңдықпен ракета ұшырудың есебі оңай болғанымен оның орындалуы өте қиын. Оның себебі, секундына бірнеше километр шапшаңдық деген аса зор шапшаңдық. Оны түсіну үшін мынаны еске алу керек. Мылтықтан атқан оқтың шапшаңдығы секундына жарты, көп болса 0,7 километр ғана шамада. Ракетаны Айға жеткізе ату үшін, оған зеңбірек оғынан он бес еседей артық шапшаңдық беру керек. Басқаша айтқанда, Айға ұшатын ракетаның шапшаңдығы автомашинаның қатты айдаған жүрісіндей деп алатын болсақ, зеңбірек оғының шапшаңдығы оның қасында өгіздің аяғындай деуге болады. Осындай ғажайып шапшаңдық тек қазіргі күшті техниканың қолынан келіп отыр. Осындай шапшаңдыққа жету үшін ракетаны көп сатылы етіп жасайды. Оның түсінігі мынадай. Ракета ішінде аса

күшті қуат беретін отын бар. Сол отын, мылтықтың дәрісі сияқтанып, атылған кезде лездің арасында аса көлемді, керемет зор қысымды газ пайда болады. Газдың қысымы айналасына бірдей түсетінін білеміз. Ракетаның құйрық жағы ашық, оны сопло дейді. Ракетаның артқы жағындағы газ соплодан атқылап сыртқа шығады. Оның тебу күшінен бас жағындағы газдың қысымы артып, ракетаны алға қарай ұшырады. (Осы айтылғандарды 2-суреттен көріңіздер). Осы сияқты ракета бірнеше сатылы болып тізбектеледі. Олардың бірінің отыны таусылған кезде, екіншісі тұтанып отырады. Соншалық шапшаң ұшу үшін керемет зор күшті қысым мен қызуға шыдайтын материал керек. Басқаша айтқанда ракетаның жасалған заты өте күшті, төзімді зат болуы қажет. Онымен қатар, ракета ғылыми бақылаулар жүргізетін құрал-аспаптармен жабдықталу керек. Осының барлығы аса зор өнер мен техниканың ғана қолынан келмек.

Ракетаны Айға қарай ұшырудың себебі ол бізге ең жақын аспан денесі. Космосқа сапар шегу, Марс сияқты планеталарға саяхат жасау істері алдымен осы Айға жетуден басталу керек. Онымен қатар, Айдың өзін зерттеу де аса маңызды. Бір ғана мысал алайық. Айдың бізге арғы жақ беті қандай



2

екені белгісіз, өйткені, ол Жерге тек бір жақ бетімен ғана қарайды. Ай осыдан бірнеше миллиард жылдар бұрын Жер бетінің заты еді деген пікір бар. Қазіргі Тынық мұхит біркөздегі Айдың Жерден бөлініп ұшқан орны деседі. Олай болған күнде Айдың бетін, оның заттарын зерттеу осы айтылған мәселені шешуге зор көмек береді. Егерде бұл мәселе шешілетін болса, оның өзі Жердің және Айдың жаралуын танудың бір кілті болмақшы. Тағы керекті мәселе Жердің де, Айдың, да магниттік қасиетін бақылау. Бұл жұмыс та Жер физикасын танудың аса зор маңызды мәселесі.

Балалар, сендердің үлкен азамат болып өржеткен кездеріңізде космосты зерттеу істері тамаша табыстарға жетпек. Оның негізі қазір салынып жатыр. Бәлкі, Айға барып қайту Америкаға барып қайту сияқты сапар болуы ғажап емес.

ЕКІ ТЫШҚАН, БІР БҮШІК

Ертегі

Аштық қысқан
Екі тышқан
Тінтіп үйдің іргесін,
Асханадан
Астан қалған
Май тауыпты бір кесім.

Келісуге,
Бөлісуге
Бір-біріне сенбеді.
Күшікке кеп
«Майды жөндеп
Бөліп берші сен» — деді.

Наразыға
Таразыда
Күшік қулық жасады,
«Бұл артық», — деп
Майдан ептеп
Бөле кертіп асады.

— Бұл нең! — десе,
— Тең ғой есе,
Тең бөлмесем обал-ды,—
Деп ол «төре»
Бөле-бөле
Майдың бәрін жеп алды.

Ә. Табылдиев.

Жамбыл облысы.

БІЗДІҢ ЮМОР

ҚОЖАНӘСІР ӘҢГІМЕЛЕРІ

Көп достарының бірі Қожаға:

— Маған үш ай мерзімге үш сом қарыз бер,— депті.

— Мерзімді қанша қаласан да берейін,— деп жауап беріпті сонда Қожанәсір,— ал, беретін ақшам жоқ.

* * *

Бір күні Қожаны біреу қонаққа шақырды. Ол шақырған уақытында келсе, басқалар әлі жиналмаған екен.

Күте-күте жалығып, қарны ашқан Қожа есіней бастапты. Сонда үй иесі:

— Қожа, осы жұрт неден есінейді? — деп сұрапты.

— Ол — адамның әлде аштығынан, әлде ұйқысы қанбағандығынан болады,— деп келіп, Қожа сәл ойланып барып, іле-шала:

— Ал мен ұйқымды үйден әбден қандырып алғанмын,— деп сөзін аяқтаған екен.


* * *

Қожанын үйіне ұры түсіпті.

— Қожа,— депті әйелі,— үйге ұры түсіп жатыр, тұрып қарасайшы.

Бұл сөзге Қожа қозғалмапты, тек:

— Мейлі, әуелі еңбегіне татырлық нәрсе болса тауып алсын, содан кейін қайтарып алу қиын емес қой,— депті.



* * *

Қожанын шашы түсіп, қасқа бола бастаған кезде, бір рет шашын алдырып болып, жарты баға төлепті. Шаштараз:

— Қожа, мұның қалай? — депті.

Сонда Қожа:

— Шаштараз-ау, менің жарты шашым өз-өзінен алынған,— деп жауап беріпті.

Жинаған Ә. Ахметов.

ШЕТЕЛ ЮМОРЛАРЫНАН

Бір саяхатшы вокзалдың қабырғасында ілулі тұрған сағаттың жанына келіп, қалтасынан қарындаш пен қағаз алады да, 12—36 деп жазып алады. Мұны байқап тұрған жолаушы:

— Бұның сізге не қажеті бар? — деп сұрайды.

— Менде сағат жоқ еді, жұрт менен уақыттың қанша болғанын сұрай береді,— дейді саяхатшы.

* * *

Почта қызметкері хат жіберушіге:

— Хатыңыз өте ауыр екен, бұған тағы бір марка жапсыру керек,— дейді.

— Ойбай-ау, онда хат бұрынғысынан да ауырлап кетеді ғой.

* * *

Бір жолаушы бөтен қалада жүріп, адасып кетеді. Оған бір саяхатшы кез болады. Жолаушы одан:

— Мына көпір қайда апарады? — деп сұрайды. Сонда саяхатшы:

— Өзеннің арғы жағасына,— деп жауап берген екен.

* * *

Бір кісі келе жатып, абайлап жүрмей, жығылып қалады. Бірақ, бұл оған сабақ болмайды. Біраз жүрген соң, өзінің икемсіздігінен тағы жығылып қалады.

— Қаң,— деп, өкінеді әлгі кісі,— қайтадан жығылатынымды білгенімде, жана алғашқы жығылғанымда-ақ орнымнан тұрмайтын едім.

А. С. ПОПОВ



[Туғанына 100 жыл]

Бұйраланған сары шашты кішкене Сашадан жерлестері үлкен үміт күтетін-ді. Өйткені, ойыншықтарының өзі бір-бірімен тетік арқылы жалғасқан «машиналар» болатын. Жаңбыр жауып тұрған кезде де, Саша бала су бұзып кетпесін деп, өзен жағасындағы өзінің «заводын» бақылап жүретін. Сашаның заводы—ағаш, темір дөңгелектердің, сым, түтік, тетіктердің жиынтығы болатын.

Александр Степанович Поповтың балалық өмірі осылай техникаға әуестенумен өтті.

Ол 1859 жылы 16 март күні қазіргі Свердлов облысы, Красноуральск қаласындағы дін қызметкерінің семьясында туған. Қаражаттың тапшылығынан әкесі Сашаны діни мектепке беруге мәжбүр

болды. Діни семинарияда физика, математика пәндері оқытылмайтын. Бірақ, техникаға әуес Саша өз бетімен үнемі физика пәнін қызыға оқыды. Үйренген физикалық қызық тәжірибелерін жолдастарына да талай рет көрсететін. Сол үшін де оны бір класта оқитын достары «математик» деп атайтын. Саша алғаш рет үйіндегі жар сағатқа, сабақтан кешігіп қалмау үшін өзін мезгілінде оятатын, электр қоңыраулы тетік жасады.

А. С. Попов 1877 жылы семинарияны бітіріп, Петербург университетінің физика-математика факультетіне оқуға түседі. Университетте оқи жүре техникалық ғылыми үйірмелерге қатынасады. А. С. Поповтың техникаға деген зор қабілетін байқаған университет профессоры оны өзіне көмекшілік қызметіне алады. Бұл да келешек маманға көп әсерін тигізеді. Университетті 1883 жылы үздік бітірген А. С. Попов Кронштадт офицерлік класында физика пәнінен сабақ береді. Мұнда ол педагогтік жұмыспен қатар, ғылыми жұмыста да көп көңіл бөледі. Кронштадта ол қатарынан 18 жыл жұмыс істейді. Оның электротехника, магнетизм, электромагниттік толқындар саласында терең зерттеулері осы кезде жүргізіледі. Ол 1889 жылдан бастап, электромагниттік толқындарды сымсыз байланыс жасауға пайдалану мүмкіндігі туралы бірнеше жерде баяндамалар жасайды.

Зерттеу жұмыстарының қортындысы ретінде 1895 жылы 7 май күні Орыстың физика-химия қоғамы мәжілісінде А. С. Попов өзінің радионы ойлап тапқандығы жөнінде ғылыми баяндама жасайды.

А. С. Попов радиоқабылдағыштың «ұстайтын» толқындары нақағай жарқылы кезіндегі атмосфералық электромагниттік толқындар екенін дәлелдейді. Сондықтан, бірінші радиоқабылдағышты «грозоотметчик» деп атайды. А. С. Попов ойлап шығарған алғашқы радио қабылдағыш бірнеше ондаған метр аралықпен ғана байланыс жасауға мүмкіндік берсе, келесі жөндеулердің нәтижесінде бұл аралық бірнеше км-ге ұзартылады.

Кейін А. С. Поповтың шәкірті П. Н. Рыбкин радиобелгілерді телефон арқылы тікелей естіп қабылдауға болатындығын ашады.

Радио 1900 жылы тасқа соғылып тұрып қалған кемеңі апаттан құтқарушы экспедицияның 50-км қашықтықтағы жағамен үздіксіз байланыс жасау кезінде үлкен сыннан өтеді.

А. С. Попов радио саласындағы жұмысын Петербург университетінің профессоры атағын алған соң да жалғастыра береді. Ол 1905 жылы электротехникалық институттың директоры қызметіне келісімен миына қан құйылып 46 жасында қайтыс болады. Өз елінің патриоты, көрнекті ғалым А. С. Поповтың есімін совет халқы Ломоносов, Менделеев, Павлов есімдерінің қатарына қойып, қадір тұтады.

7 май күнін «Радио күні» деп халқымыз жыл сайын атап өтеді. Совет үкіметінің қаулысы бойынша радио саласында көрнекті жаңалық тапқандарға А. С. Попов атындағы «Құрметті радист» деген алтын медаль тапсырылады.

Ізбасар Әубәкіров.

Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының физика кафедрасының оқытушысы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі В. Сибирцевтің «Жас тракторшылар» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.


г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 7/II 1959 г. УГ01921. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 43500. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 113.



КРОССВОРД



Тігінен:

Көлденеңінен:

1. Ең ұзақ балқитын металл.
 2. Украинаның ұлы ақыны. 3. Қазақ совет әдебиетінің атасы. 4. Европадағы көмірлі алқап. 5. Халық суретшісі. 6. Әшекейлі бұйым. 8. М. Әуезовтың «Шатқалаң» повесінің кейіпкері. 9. Мемлекет. 13. Спорттың түрі. 14. Кездеме. 15. Мемлекет астанасы. 16. Прозалық шығарма. 18. Пионер лагері. 19. Африкадағы шөл. 24. Кавказдағы АССР. 26. Септік жалғау. 27. Бұйрық райлы етістік. 29. Ә. Тәжібаевтың өлеңдер жинағы. 30. Мемлекет астанасы. 35. «Қарлығаш» атты өлеңдер жинағының авторы. 36. Одақтас республика. 37. Мезгіл.

2. Африкадағы қала. 6. Математикалық термин. 7. Физикалық құрал. 10. Халық әні. 11. Балтық теңізіндегі шығанақ. 12. Ыдыс. 13. СССР-дегі көмір ошағы. 15. Тау. 17. Кішкентай мемлекет. 20. Ұлт музыка аспабы. 21. Батыс Европадағы өзен. 22. Ай аты. 23. Қазақ эпосындағы батыр. 25. С. Мұқановтың поэмасы. 28. Азиядағы үстірт. 29. М. Шолоховтың «Тынық дон» романындағы кейіпкер. 31. Құс. 32. Төл. 33. Қиыр Шығыста болып тұратын сұрапыл дауыл. 34. Күн мезгілі. 36. Шахмат фигурасы. 38. Қылқан жапырақты орман ағашы.

Құрастырған Б. Өтелбаев.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Мына суретте көрсетілген автомобильді дүние жүзіндегі жүк тасушы машиналардың ішіндегі ең кішісі десек те болады. Оның салмағы, небәрі, 930 килограмм, ұзындығы — 3220 мм, ені — 1240 мм, ал, биіктігі — 1 460 миллиметр. Кө-




лемінің осындай кішкентайлығына қарамастан, бұл машина екі тонна жүкті көтере алады. Шапшандығы — сағатына 15 километр. Мұндай автомобиль Герман Демократиялық Республикасында шығарыла бастады.

Америка Құрама Штатында ауа шарын құрылыс жұмыстарында пайдалана бастаған. Құрамалы үйдің төбесі, ауа шарының көмегімен, алты-ақ минутта көтеріліп қойылған. Бұған дейін мұндай үйдің төбесін құрастырып көтеруге 16 кісі, 3,5 сағат уақыт керек болады екен.

Шведтің Брукс фирмасы қар тазалағыш күрек шығара бастаған. Мұнымен қар тазалауға да, қатып қалған мұзды оюға да болады. Оның басына арнап жасалған



ағашты кигізіп қалың түскен қарды күреуге де болады. Сөйтіп, бұл күрек бірнеше қызмет атқарады.



Сынған балта, күрек бар ма,
Ескі шелек, шүмек бар ма,

Темір бар ма жатқан жолда
Қалдырмайық — керек ол да!